

ӘОЖ 37.033:502/504:37.03

Т.Х. Ғабитов, С.М. Каупенбаева*

Философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: samal_75@inbox.ru;

Экологиялық мәдениет және қазақ халқының табиғатты қорғау құндылықтары

Табиғи және әлеуметтік өзгерістердің көп болуы және олардың жаһандануы адамзатты әрі қарай тіршілік ету мүмкіндігі туралы ойландырмай қоймайды. Қазіргі кезде адамзат алдында тұрған міндет экологиялық мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын табу. Мәдениет экологиясы адам мен қоғам, адам мен табиғат және адам мен өркениеттің өзара тығыз қарым-қатынастағы үйлесімін реттейтін негізгі фактор және мәдени-рухани мұралармен қамтамасыз ететін мәдени антропологияның ең өзекті құбылыстарының бірі болып табылады. Қоғамның табиғатқа қатынасындағы материалдық-практикалық қызметінің түгелдей дерлік кешені экологиялық санаға нақты өзара әсер ету мәселесін одан бетер міндеттей түсті. Мақалада көшпенді қазақ халқының табиғат сырын терең ұғынып, оны қастерлей білгені баяндалады. Белгілі бір даму тарихы бар халықтардың экологиялық мәдениет туралы түсінігі терең философиялық-тарихи мағынаға ие және тұрақты әлеуметтік құрылымдардың атқаратын қызметін сипаттайтын тарихи үдеріс екендігі айқын әрі түсінікті. Кез келген мәдени нормалар, догматтар, аксиологиялық жүйелер, қасиетті салттар мен дәстүрлер түріндегі космологиялар қоғамды сақтап қалудың тетіктерін құрайды. Табиғатпен бірге үйлесімділіктің тепе-теңдігін қолдауға, ғарыштық әуендерге бағынышты болуына бағытталған және экзогендік сипат алатын экология мәдениеті әлеуметтік өмір сүрудің негізгі элементі болып табылады. Сөйтіп, ол оның тарихи дамуының және оны тасымалдауының қоршаған ортаға әсеріне бейімделуінің динамикасындағы қоғамның тұрақтылығын анықтайды.

Түйін сөздер: мәдени құндылықтар, экологиялық мәдениет, көшпелі халық, номадтар.

T.H. Gabitov, S.M. Kaupenbayeva

Ecology culture and heritage of the nature preservation of kazakh people

Variety and frequency of natural and social changes and their globalization makes us to think about humanity's further ability of existence. One of the main issues of humanity for today is finding effective ways to resolve ecological problems. Ecology of culture is main factor which regulates harmony of close interrelation between a man and society, a man and nature, a man and civilization. Along with it, it is one of the vital cultural anthropology phenomenons which provide humanity with cultural spiritual heritage. The whole complex of material practical service in relation of a society to the nature made even more important the issue its interrelation with ecological consciousness. In this article is considered how Kazakh people could understand secrets of the nature and preserve it. It is clear that nations with its specific development history has ecology culture concept with deep philosophical and cultural meaning. It is clear that this concept was a historical process which identifies function of stable social construction. Any cosmology elements such as cultural norms, dogmas, axiology systems, saint rituals and traditions serve as mechanisms for preservation of a society. Ecology of culture with its exogeneous peculiarity which is directed to support harmony with the nature, being dependent on cosmic strings, can be considered as the main element of social life. As such it identifies social stability in dynamics of social life's historical development and its transformation of adaption to environmental influences.

Key words: cultural values, ecological culture, nomadic people, nomads.

Т.Х. Ғабитов, С.М. Каупенбаева*

Экологическая культура и наследия охраны природы Казахского народа

Чрезмерные природные и социальные изменения и их распространение в глобальном масштабе заставляют задуматься о возможностях дальнейшего существования человечества. На сегодняшний день перед человеком стоит задача по нахождению адекватных путей для решения экологических проблем. Экология культуры выступает основным фактором, способствующим гармонизации тесных взаимоотношений между человеком и

обществом, человеком и природой, человеком и цивилизацией, а также представляется одним из наиболее актуальных явлений культурной антропологии, обеспечивающим культурно-духовное наследие. Ещё более значимой становится проблема явного взаимовлияния материально-практического отношения общества к природе и экологического сознания. В статье проводится глубокое осмысление природного характера кочевого казахского народа. Достаточно ясным представляются философско-историческое содержание понятия экологической культуры у народов с богатой историей развития, а также исторические тенденции, описывающие деятельность устойчивых социальных формирований в данной области. Космологии в форме любых культурных норм, догматов, аксиологических систем, священных традиций и обычаев формируют механизмы сохранения общества. Экология культуры, направленная на поддержание гармонии с природой, на подчинение космическому влиянию, а также имеющая экзогенное свойство, является основным элементом жизнедеятельности общества. Таким образом, она определяет устойчивость общества в динамике его адаптации к влиянию окружающей среды её исторического развития и распространения.

Ключевые слова: культурные наследия, экологическая культура, кочевой народ, номады.

Қазіргі кездегі экологиялық жағдай қоғамның, адамның өмір сүру ортасына деген қарым-қатынасына басқаша қарауға мәжбүр етті. Экологиялық мәселелер адамдардың табиғи ортаға деген рационалды емес қарым-қатынасының салдары ретінде пайда болды. Ендігі кезде экологиялық апаттан қалай құтылу немесе оны бастан өткізу туралы емес, оның техногендік және экологиялық-мәдени салдарын қалай жеңілдетуге болады деген сұрақ туындайды. Қоғамның экологиялық мәдениетінің төмендігі бүгінгі күні экологиялық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі болып табылады деп сеніммен айтуға болады.

Мәдениет өзінің даму барысында белгілі бір мағынада өзі мәселелерді туғызды және сол мәселелерді шешу үшін біз қазір мәдениетке жүгінеміз. Егер «мәдениет» түсінігінің бастауларына көз жүгіртсек, адамның табиғатқа қатынасы үнемі мәдениетпен «өңделіп» отырды. Ондай қатынастың бастапқы негізі ретінде қоғамның қарапайым қажеттіліктері болды, ал табиғатты адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандырудың тәсілі ретінде қабылдады. Қоғам табиғатты «құдайландырып», онымен «сұхбатқа» түсуге тырысты. Адамдар негізінен табиғаттың тұтастығын, өзінің табиғатпен байланысының үзілмейтіндігін жақсы сезе білді және қабылдаушы мәдениеттен өндіруші мәдениетке көшу арқылы әлеуметтік-мәдени экспансияның құралы арқылы табиғатпен байланысын күшейтті.

Экологиялық мәдениет күрделі ұғым ретінде табиғатты танып білу, пайдалану және жаңарту іс-әрекет түрлерінің мәдениетімен байланысты. Ал жеке адамның экологиялық мәдениеті дегеніміз – табиғатты аялауға, қорғауға бағытталған білімі, іскерлігі, дағдысы, оны

жүзеге асыруы. Яғни экологиялық мәдениетті қалыптастырудың мақсаты адам мен табиғат арасында үйлесімдік орнату, табиғи байланысты сақтау, молайту, тиімді пайдалану, жуапкершілік сезімін арттыру. Экологиялық мәдениет бұл – адамдардың табиғатты қабылдау деңгейі және әлемдегі өзінің орнын бағалауы, адамның әлемге деген қарым-қатынасы.

«Экологиялық мәдениет» түсінігінің генезисін қарастырсақ, бастапқыда термин әлеуметтік қарым-қатынастардың белгілі бір түрін бейнелейтін, нақтырақ айтсақ қоғам мен табиғат арасындағы қатынасты бейнелейтін табиғаттың бірыңғай сегментін, бөлігін білдірді. Экологиялық мәдениет – бұл адамның табиғатқа әсерінің әлеуметтік реттеушілерінің жиынтығы, экологиялық білім мен тәрбие берудің жүйесі. Қалыптасқан жағдайда сол арқылы ғана қоғам мен табиғи ортаның тепе-теңдігін ұстау мүмкін болады. Ғылымда кез-келген құбылыс оның дамуының диалектикасы арқылы қарастырылу керек деген түсінік бар, яғни қалай пайда болды, өзінің эволюциясы барысында қандай кезеңдерден өтті, өзгерістердің болуына не себеп болды және т.б.

Көшпелі өмір сүрген қазақ елі табиғат сырын терең ұғынған, табиғатты игерудегі білімі жан-жақты болған. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті табиғат пен адамның етене тығыз байланысты болғандығын және олардың бір-бірінен ажырамас күйде өмір сүргендігін куәлайды. Мұның негізінде көшпелілер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, өзін табиғаттың перзенті ретінде сезінуі жатыр. Игерілмеген қуаң дала мен шөлейтті тек көшпелі ғана меңгере алды. Қазақтар көк шөпті жұлмаған, шыбықты сындырмаған. Өйткені жас өмірдің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі болып саналған.

Көк жұлсаң көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдалады. Қазақ баласы бастауды, бұлақты ластанмайды. Барлық тіршіліктің көзі сол бұлақ, сол бастау деп біледі. Қазақ халқы беталды жер шұқып, жер қазбайды. Бұндайды теріс қылық деп санайды, оны өліммен, ажалмен байланыстырып, жаман ырымға балайды.

Көшпелі қазақ қоғамында табиғат тек сыйыну, ләззаттану, сенудің объектісі болып қана қоймай, сонымен қоса ол өз қоғамында әлеуметтік мәдени реттеуші қызметін атқарады. Көшпелілер табиғатты тірі, әрі ақылды деп санаған.

Қазақтардың ілкі тектерінің сеніп келген діні – тәңіршілдік табиғатты құрмет тұтудан, оған сыйынудан туындаған. Бұл діндегі басты құдай – Көк тәңірі, көк дегеніміз тіршілікті, өмірдің бастауын білдіреді. Қазақ елі үшін қоршаған орта деген ұғым өте маңызды, мағыналы. Ол өскен орта қасиетті де, қастерлі. Көшпелі мәдениет әлемде өз орнын таба білген. Адам шексіз кеңістікте өзімен-өзі және табиғатпен жеке қалып, сұхбаттасқан, сырласқан. Өзінің табиғатпен шынайы жақындығын сезінген.

Көшпелілік шаруашылық тылсым табиғат жөніндегі даналылықты талап етті, табиғат құбылыстарына болжам жасау, оларға алдын-ала бейімделу көшпелілерде жақсы дамыған. Номадтардың өзін қоршаған ортаны жақсартуға күш салғанын, жақсартудың жолын ойластырғанын тарихи дәстүрлерінен көруге болады. Осыған қатысты олардың жайылым мен өрісті жылдың төрт мезгіліне бөліп пайдалануы, яғни ауыстырып отыруы, жерді үздіксіз пайдалану оның құнарлылығын жоюындығын білуі. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті экология ұғымының тікелей мазмұнына сәйкес келеді және ол табиғатты бағындыру принципіне негізделмейді. Оның басты ұғымдарына атамекен, жерұйық, жарық дүние жатады. Қазақы дүниетаным әлеммен үйлесімді болуға шақырады [1].

Қазақтың экологиялық философиясы туралы пайымдағанда, көшпелі мәдениеттегі өркениеттілік деңгейі туралы кемсітушілік көзқарастардың бар екендігі жөнінде айтуға тура келеді. Олардың арасында адамдық өркениеттіліктің тек батыстық типін мойындайтын еуропаорталықтық тұғырнамалардан бастап, көшпелі қауымнан тек қиратушылық пен

«жабайылық» белгілерін көретін «ілімсымақтар» туралы айтып өтуге болады. Көшпелілер туралы Э. Дюркгейм номадтардың сегментарлық, тұлғалық ерекшеліктері бөлінбегендігі және организм сипаттас тұтас қауымда ғана өмір сүре алатындығы туралы айтады.

Қазіргі номадологияда көшпелі қоғам кеңістік пен уақыттан, тарихтан тыс, олар тек отырып қозғалады, тамырсыз ризома рәмізінде бейнеленеді. Ризома деп орталығы жоқ, кеңістікте қалқып жүретін, түп тамырсыз әлеуметтік құрылымды айтады. Көшпелілер кеңістікті бөлмейді, олар өздері осы кеңістікте бөлінеді. Осы бейнеге мағынасы жақын тағы да бірнеше мәдени – әлеуметтік ұғымдарды қарастырсақ: «рулық дәстүрлі адам» (М. Мид), «сегментарлық қоғам» (Е. Дюркгейм) т.б. Сонда номадалық адам тарихтың тарихтың келте бейнесіне айналып кетеді. Оған «варвар» немесе «туземец» деген айдарлар да жараса берер. Тым болмаса үйреншікті марксизмдегі «азиялық өндіріс тәсілі» мен «дала феодализмі» құлаққа жағымды естілер. Немесе Г. Гачевтің номада өз атының үстіне мініп алып, әлемдік қозғалыстан тыс тұрады дегені неге тұрады? Объективті позициядағы ғалымдар көшпелі қауым туралы көптеген теріс «тұжырымдарды» бекерге шығарады. Мәселен, «ет жеушілерге тән қиратушылық» жөнінде белгілі ғалым Э. Фромм мол деректерді талдау нәтижесінде бұл «идеогранның» жалған екендігін дәлелдейді. Садизм адамға туа біткен қасиет емес, ол әлеуметтік ортаның жеке адамға қысым жасаған жағдайында пайда болады [2].

Еуропаорталықтық мәдениеттану көшпелілер мәдениет пен өркениеттен жұрдай, қоршаған ортаны қиратушы «варварлар» деп, үзілді-кесілді үкім шығарып қойған. Жаңа замандағы еуропалық ғұламалар ұстаған ілім бойынша көшпелілер жағрафиялық ортаға жау, олардың бар арманы бүкіл дүниежүзін жайылымдарға айналдыру. Енді басқалары көшпелілерді жасыл желек даланы, бау-бақшаны, жан-жақты жалмап қоятын шегірткелермен салыстырады екен. Бұған жауап ретінде не айта аламыз? Көшпелілер қиратушылар емес, қайта олардың мәдениетінің терең экологиялық сипаты бар, қатал даланың табиғатын игеру, оның заңдылықтарын жақсы білу, болжам жасай алу, осының бәрі көшпелілер мәдениетіне тән нәрсе.

А. Тойнби құрғақ даланы тек бақташы ғана меңгере алатындығын, бірақ сол далада тіршілік етіп, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін ары қарай шыңдауы қажет екендігін және оған адамгершілік, парасаттылық қасиеттер тән екендігін жазады.

Көшпелілер жайлы айтатын болсақ, олар тек өз қандастарына ғана емес, сонымен қатар бүкіл тіршілік атаулыға аса құрметпен қараған. Оны жарқын дүние деп атаған. Т. Гоббстың атақты «адам адамға қасқыр» немесе «табиғи жағдайда адамдар бір-бірімен соғыс жағдайында болады» дегенін этнографиялық деректер жоққа шығарады.

Бір орында тұру, қозғалмау көшпелілікке тән нәрсе емес. Олардың кең даланы игеруі табиғатты, қоршаған ортаны өзгертуге емес, керісінше жер-ананың бір бөлігіне айналуға бағытталған. Адамзат тарихында шаруашылық экономикалық саласы жоқ, ештеңе өндірмей тек басқаларды қанаумен ғана өмір сүрген қоғамдар болған емес. Сондықтан көшпенді қоғамдар «алым салықпен», яғни өздерінің отырықшы көршілерін қанаумен ғана өмір сүрді деген көзқарастармен келіспейміз. Тек отырықшы өркениеттерге ұқсамағандығы негізінде көшпенді қоғам өз өркениетін қалыптастыра алмады деу дұрыс емес. Өкінішке орай, көшпенді өркениетін тану отырықшы өркениеттануымен салыстырғанда енді ғана қалыптасып келеді. Тіпті, көшпенділер өз өркениетін қалыптастыра алды деген пікірдің өзі кеш қалыптасты. Сондықтан көшпенді қоғамына қатысты өркениет ұғымының танымдық мүмкіндігін айқындау, осы қоғам типінің өркениеттік сипаттамаларын талдау отандық әлеуметтік, гуманитарлық ғылымның жаңа және өзекті мәселесі болып табылады [3].

Э. Фромм бойынша, «... қатал табиғатқа икемдену жағдайында адамдық қауымдастық приматтарға тән бәсеке мен өзара күресті шектей алды. Жаулық орнына кооперация мен туысқандық қатынастар келді. Ынтымақтастық сексуалдықтан, мораль бағындырудан жоғары болып шықты» [4].

Бұған Шоқанның мына пайымдауы үндес болып келеді: «Далалы ортаның тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ойы, қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр. Осы-

нау дала көшпенділерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қимылының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар? Татар атаулы халықтар арасында өзінің ақылдық қабілеті-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында блолса керек [5].

Шынайы мәдениет табиғат пен адамзаттық қоғамның үйлесімді бірлестігінің болуын қарастырады. Мәдениеттің ондай түсінігі адамзат тарихында тек фрагмент түрінде ғана болды, христиандық – еуропалық өркениеттерде ондай үйлесімділік болған жоқ. Бұндай үйлесімділік шығыс мәдениетінде көрініс таба білді.

Негізінен, Шығыс медитациямен айналысып, адамның психикалық қуаты мен қабілетін дамытуға көңіл бөлсе, ал Батыс болса адамнан тыс жатқан табиғатты игеріп, материалдық және физикалық күштерді дамытумен айналысқан.

Сонымен, “шығыстық” адам өз ішіне бойлайтын, өзінің шынайы “Меніне” жетуге ұмтылса, “батыстық” адам – табиғатты ғылым мен техниканың арқасында билеуге ұмтылып, сол арқылы өзінің меншікті, адами “Менінің” салтанатын бекемдеуге тырысады. Дегенмен бұл жерде, Шығыс пен Батыстың өзгешелігі біршама шартты болатыны байқалады. Іс жүзінде мұндай ерекшеліктерді жоққа шығаруға болмас және олар өзара қарама – қарсы қоятындай өзгешеліктер де емес. Барлық артық не кемшін тұстарын ескерген жағдайда олар адамның шексіз даму үрдісіндегі бір арнада тоғысады.

Тарихқа жүгініп, XI ғасырға дейінгі Еуропаның тұрмысына тоқталатын болсақ, ол кезде Еуропада көшелердің арасы тар, үйлері бір-біріне жақын, тығыз орналасқан болды, тіпті арасынан адамның өтуінің өзі қиынға соққан. Үйлердің көбісінің төбесінен су ағып, дымқыл тартып тұрған. Қалдықтар, жуындылар көшеге төгілетін болған. Ондай жерде әр түрлі аурулар пайда болды. Яғни, экологиялық тазалық жоғары деңгейде болды деп айтуға келмейді. Олар крест жорықтары кезінде тұрмыстық экологиялық мәдениетке байланысты Азия елдерінен көп нәрсе үйренген. Моншаны пайдалануды еуропалықтар сол жорық барысында арабтардан көріп барып, пайдаланған.

Ресейлік зерттеуші П.П. Гнедич көптеген

араб ғалымдарының артына топография, статистика, философия, фармакопея, химия, хирургия, астрономия бойынша шығармалар қалдырып кеткендігін жазады. Сонымен қатар қазіргі сөздіктердің өзі араб терминдеріне толы екендігін, арабша атаулар осы күнге дейін дәріхана саласында өте көп қолданылатындығын, арабтар медициналық практикаға күйдіруші құралдар мен хирургиялық жабдықтарды енгізгендігі туралы айтады.

Енді көшпенділердің тұрмысына келетін болсақ, олар үнемі тұрағын ауыстырып тұрған, бір жерде ұзақ тұрып, табиғатқа зиян келтірмеген. Тағы да айта кету керек, тіпті жерді пайдаланды төрт мезгілге бөлген, яғни табиғаттың өзін-өзі қалпына келтіруге мүмкіндік берген. Киіз үй ары-бері көшкенге өте тиімді болды, әрі ол тазалық сақтаудың таптырмас құралы болды.

Киіз үй тек баспана болып қана қойған жоқ, сонымен қатар халықтың салтының, дәстүрінің таңбасы, белгісінің қызметін атқарды. Киіз үй қатал үскірік аяздан, шілденің аптап ыстығынан қорғады. Тез жинап, тез тұрғызуға ыңғайлы болды. Шаңырақтың төбесінен жабылатын түндіктің жартылай ашық тұруы біріншіден түгін шығу үшін, жарық түсу үшін, таза ауа кіру үшін болса, екіншіден, шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол сияқты. Шаңырақтың өзі күнге, ал уық, керегелері болса оның сәулелеріне ұқсайды.

Атақты саяхатшы А.Вамберидің «Сенің халқың неге көшпенді өмір сүреді?» деген сұрағына қарапайым қазақ әйелі «Біз күн ұзаққа бір жерде отыра алмаймыз. Адам қарекет ету керек, ойлап қараңызшы күн, ай, жұлдыздар, су, жануарлар, құстар, балықтар – барлығы қозғалыста, тек қана жер мен өлгендер бір орында болады» деп жауап берген екен. Қысқа да мәнді жауап. Бұдан көшпенділер өмірінің мәні барлық тіршілік сияқты қозғалыста екенін және табиғатпен етене байланысып жатқанын көреміз [6].

Көшпенділік дәуірдің алғашқы кезінде аттың жүгенін, соңынан қылышты ойлап тапқан да Ұлы даладағы тайпалар немесе тұрандықтар. Екі аяқты соғыс арбасының да Ұлы далада пайда болғаны белгілі. Енисейдегі, Қаратаудағы, Таңбалы шатқалындағы, Алтайдағы петроглифтер екі аяқты соғыс арбасы мен садақтың алғаш рет сол жерде тұрған тайпаларда пай-

да болғанын дәлелдейді [7]. Көшпенділердің адамзат өркениетін дамытудағы рөлі туралы Л. Гумилев те ерекше атап өткен [8].

Көшпелі қазақ мәдениетінде «обал» және «сауап» түсініктерінің моральдық реттеуші қызметі жоғары болған және бұл ұғымдар діни мазмұн шеңберінен шыққан. Обал – жақсы нәрсенің қадірін біл, оны тастама, түбінде оның зарын тартасың деген ұғымды білдіреді. Бұл – қоршаған ортаға зиян келтіруге, жамандық жасауға, яғни жындыны жәбірлеуге, жансызды бүлдіруге болмайды деген сөз. Мәселен, біреуге қиянат жасау – обал. Нанның түйірін аяққа басу, не оны рәсуа ету де обал. «Судың да сұрауы бар» дегендей тамақты босқа ысырап ету, соны жасау үшін төгілген терді, қажырлы еңбекті бағаламау деген сөз. Көргенсіздік пен әдепсіздіктің осындайлардан шығатынын түсіну қиын емес. Сөйтіп обал ұғымы біреуге қиянат жасаған жағдайдың бәрінде де орын алады. Сауап – бұл айналадағы жанды-жансыздың бәріне бірдей жақсылық жасауға, қамқорлық көрсетуге байланысты айтылатын ұрым. Мәселен, құстың ұясын түзеу, жетім-жесірге қарайласу, аяқ астындары нан қалдықрын көтеріп алу – бұл сауап [9, 10].

Обал мен сауап ұғымдары қазақ ырымдарында жан-жақты көрініс тапқан: «Қазақ шашты далаға тастамайды, жерге көмеді. Құс шашты ұясына салса – бас ауруға шалдырады, бас айналғыш болады, ұмытшақтық, жеңілтектік дертке шалдырады деп пайымдайды». Обал мен сауап нормалары ауызекі мәдениетте киелілік түсінігімен астас келеді. Оның негізінде анималистикалық, тотемистік және фетишистік көне нанымдар да жатыр [11].

Жақсылық пен жамандықты айыру табиғат құбылыстарына табыну, олардан мейірім күту, әсіресе, бата беру, сыйыну, құрбандық шалу сияқты қазақы рәсімдерде, бәдік өлеңдерде анық байқалады. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше дерек сілтемелер келтірейік. Аспан шырақтарына табынудың үлгісі:

Ай көрдім, аман көрдім,
Баяғыдай заман көрдім.
Ескі айды есірке,
Жаңа айды жарылқа [12].

Жазусыз ақпараттық аяда қалыптасқан кісі-

лік құндылықтарда діни, этикалық және қауымдық бастауларды үйлестіру мәселесі маңызды. Мысалы, «киелі» түсінігін кейбір зерттеушілер христиан халықтарындағы «сакральды», «қасиетті» сөздерімен теңейді және аталған ұғымды тек діни мағынада түсіндіреді. Бұл, әрине, көшпелілік тұрмысты жете білмеуден шығады. Кезінде Шоқан Уәлиханов қазақтар екі тылсым күшті: «киелі» мен «ке-сірді» мойындайды деген. Дәстүрлі мәдениеттегі ырымшыл қазақ үшін киелі нәрселер мнемоникалық рәміздер қызметін атқарды. Батыстық бағыттағы зерттеушілер үшін «киелі» діни әдет-ғұрыптармен ғана байланысты болса, номадалық тіршілік тынысын терең зерделеген ғалымдар киелілік деген деңгейден табиғи тылсым оқиғалар, құбылыстар мен нәрселерден көрінетіндігін атап өтеді. Мысалы, аспан шырақтары, жаппан даладағы жалғыз ағаш, бұлақ, қолдан жасалған балбалдар, пұттар, қорғандар және т.б. [13].

Осы мәселеге қатысты қазақ даласын жете білген поляк саяхатшысы Б.Залескийдің «Қазақтардың киелі ағашы» деген суреттемесінен ақпарат алуға болады. Оның бейнелеуі бойынша, «қазақтар киелі ағаштың жанынан өткен кезде түйелерін шөгеріп, аттың жабуын немесе кілемшені жайып қояды да тізелерін бүгіп, немесе малдас құрып отырып дұға оқиды екен. Содан кейін өздері де ағаш бұтақтарына киімінен жыртып алған шүберек немесе қой терісінің қиындысын, болмай бара жатса, ат құйрығынан кесіп алған қылды ақтық ретінде байлап кетеді. Олардың ойынша киелі ағашқа ақтық байлау бақыт әкеледі, ауру – сырқаудан қорғап қоршайды, өмір жастарын ұзартады. Сондықтан да, тек биік ағашта ғана емес, шөлдегі жол бойында кездесетін аласа бұталарда да ақтық байлаулы тұрады.

Мұндай ағашты кесу қазақтар үшін күнәнің ең ауыры болып саналады, сондықтан оның тіпті қураған бір бұтағын сындырар бір жан болмайды. Мұғалжар тауына жақын жазықтардың бірінде өсіп тұрған бірнеше дінді жабайы өрік ағашын көргенім бар, әбден қурап қалған көптеген ірі бұтақтардың біреуіне қол тигізуге ешкімнің жүрегі дауаламайды. Ілінген ақтық шүберектер мен қой терісінің қиындыларының көптігіне септік жоқ, ағаш басына салынған ой

бүркітінің ұясына да адамдар тарапынан келер еш қиянат жоқ, себебі, киелі ағашқа салынған ұя да киелі» [14].

Осындай қасиеттерді Асан Қайғы туралы аңыздардан да көруге болады. Асан табиғаттың барлық сұлулығын сезіне білу, оны өмір игілігіне пайдалану кез келген адамның қолынан келе бермейтініне мән береді. Табиғатты қадірлеу қайсысымыздың болса да парызымыз. Өйтпесек «табиғат жетімсіреп – өз әсемдігін жоғалтпай ма?» – деген сұрақ қояды халыққа.

Асан Қайғы іздеген «Жерұйық» – адамзат үшін, оның ішінде қазақ үшін өмір сүруге ең қолайлы болатын жер жәннаты. Қазақ жерінде де Еуропаны дүр сілкіндірген Т. Мордың «Утопиясы» сияқты «Жер ұйық» идеясы шарлаған кезең болды. Халық Асанмен бірге армандады, онымен бірге жаңа жерлерді іздеді. «Жер ұйық» жоқ дегенге ешкімнің сенгісі келмейді. Сондықтан да болар Асан «Жер ұйық» – бақыт пен дәулет, тыныштық пен бейбітшілік әлемі, оған жету үшін халық сабырлылыққа, шыдамдылыққа үйренуі, өзін іскерлігімен таныта білуі керек, сонда ғана жер жәннатына жетесіз, басқаша айтқанда, өзіңіздің жеке «Жер ұйығыңызбен табысасыз». Асан Қайғының мақсаты – халықтың бірлігін нығайту, дала мен таулы аймақтың халқын бір-біріне жақындату, табиғаттың қыры мен сырын қауымға паш етіп, өзін-өзі танып білуге шақыру. Халықтың береке-бірлігі болғанда ғана мықты, біртұтас болғанда ғана өзін-өзі сақтай алатынын, дамыта алатынын жақсы білді.

Асан үшін адамға табиғаттың ортасынан орын табу шешілмеген мәселе болса, ал қазіргі экологиялық апат пен дағдарыс заманында тек қана географиялық орта ғана емес, сонымен қоса адамдардың ниеті мен пейілі, ар мен ұят нарық салмағын көтере алмай сыр беруде.

Экологиялық сананың қалыптасуы ХХ ғасырда кешеуілдегені белгілі. Өткен социалистік дәуірде, қазіргі өтпелі кезеңде (өркениетті қоғамға) әзір жарытып экологиялық білімдер таратқан емес, ешкімнен еш нәрсе талап еткен емес. Бұрын жоспар қуу болса, қазір пайда табу көзін іздеген пысықтардың құрбандығына айналу даламыз да, қаламыз да, жануар да, адам да. Шетелдік инвесторлар ішінен қатаң талаптарды сақтап отыратын, шарттарды орындайтын фирмалармен ғана жұмыс істеген жөнді. Себебі, келесі ұрпаққа да табиғат керек емес пе? [15].

Табиғатты қалпына келтіру үшін көптеген жылдар керек екенін ескертіп, ғалымдар дабыл қағуда. Кез-келген адамның өмірі бұл дүниедегі қайталанбас керемет. Осы орайда Қ. Нұрланованың пікірін келтіре кетуге болады. «Табиғат анадан ажырамаған, оған қарсы тұрмаған, керісінше табиғатпен бір туған, біте қайнасқан адамның байыптау әрекеті де табиғи. Бұл байыптау – табиғатты игеру, әлемтану әдісі өзінің таңғажайыптығымен тұқыртпай, қайта шабыт берер, шарықтатар сұлулығын түйсіну, ғаламның тылсым әнін үздіксіз қозғалысы үстінде тыңдау. Осының барлығында да Ғалам сырымен түсіністік деңгейіндегі өз қатынасыңды шындық мәнді әдіспен құрудың маңызы зор» [10].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі, ата-бабаларымыз жырлап, айтып кеткен табиғатты қорғауға бағытталған ырымдар мен нанымдар, салт-жораларды бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесіне пайдалану аса қажет. Мақал-мәтелдер – халықтың өмір тәжірибесінен алынған рухани мәдениеттің қалыптасуының қайнар көзі. Ол халық санасынан, дүниетанымынан орын алатын құндылықтар жүйесі. Мақал-мәтелде халықтың өмір сүру құбылыстары мен ойлау табиғаты, болмыс бітімі, тіршілігінің мәні мен мақсаты көрініс табады. Олардың құрылымы ойдың көркемдігін көрсетумен бірге, қысқа да нұсқа, мағынасы жағынан терең ой мен мазмұнды қамтиды. Мақал-мәтелдер асқан аса шеберлікпен жасалған сөз өрнегі, әбден орныққан ойдың нәтижесі.

Халық даналығы – саналы ойдың көрінісі, білімділіктің кені. Белгілі ғалым, философ Д. Кішібеков: «Қазақ ежелден ойшыл, не айтса да мәселенің байыбына жетіп барып айтатын, сөздің түйініне мән берген халық. Біздің мақал-мәтелдеріміз тұнып тұрған философия. Сондықтан да шешендеріміз сөзін дәлелді, уәжді ету үшін әманда мақал-мәтелдерге жүгініп отырған. Асылы шешен, дәлелді, қисынды сөйлеу қазақ халқы арасында ерте заманнан дәстүрге айналған» деп жазады [16].

Әр елді танытатын өзіндік ерекшеліктер болады. Батыстық, шығыстық, қазақы дүниетаным ерекшеліктері жөнінде Т. Ғабитов: «Қазақ халқының ойлау жүйесі мен мәдениеті бай тілінде, тіршіліктің мағынасын түсініп, уақытты бағалай білетін терең даналығында

жатыр» дейді [17]. Мақал-мәтелдегі халықтық таным-түсініктер негізі: өмір, тіршілік, қоғам, табиғат жайлы. Халық өзінің болмыстық ойлау тегінен бастап өрістейтін дүниелік таным-түсініктерін күнделікті тұрмыс-тіршілігіне лайықты қалыптастырған. Мақал-мәтелдер халықтың ойлау жүйесінің, санасының, өзіндік ерекшелігі мен әлеуметтік тіршілігіне орай дүниелік көзқарастарының жиынтығы болып табылады [18].

Тәрбие беруде мақал-мәтелдің маңызы зор. Өскелең ұрпақтың табиғатқа жан ашырлық сезімін оятуда, экологиялық санасын қалыптастыруда халық тың даналық сөздерінің, мақал-мәтелдердің орны ерекше. Қазақ халқы табиғатқа аса мән беріп, онымен үйлесімділікте өмір сүрген, табиғат құбылыстарына табынған. Мұны ата-бабаларымыздың табиғатқа іс-әрекетінен, ырым-тыйымдардан көруімізге болады. Оған мысал келтіретін болсақ, көшпелілер айға сәлем беріп, жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке деп айға табынатын болған. Көшпенділер табиғатты тірі, әрі ақылды деп есептеген. Ертеде қазақтар санасында Жер – Ана, Аспан – Әке түрінде бейнеленді. Жерге егін егу мал бағумен қатар құрметті іс саналды. Жерді орынсыз жарақаттама, жерді теппе деген тыйымдар болған. Олар ертеректе ұстанған тәңіршілдіктің негізінде аспанға табыну жатыр, яғни табиғатты құрметтеуден туындаған. Бұл діндегі басты құдай – Көк тәңірі, көк дегеніміз өмірдің бастауын, тіршілікті, шексіз әлемді білдіреді. Сол себептен де, өздерінен алым-салық төлеуді талап еткен қытай жаушыларына қазақ билері былай деп жауап берді дейді: «аспан шөппен суды жаратқан, мал да соның сыйы, оны бағамыз да күн көреміз, не үшін біз оны беруіміз керек?» [19].

XXI ғасырда Бұқар дінбасылары қазақтардың Ай мен Күнге табынуына байланысты оларды «кәпірлер» деп есептеп, оларға қарсы ғазуат соғысын жариялаған. «Жазға салым бие байлап, қымыз ашытқанда қазақтар киіз үйінен шығып келе жатқан күнге қарап, алғашқы қымызды соған қарай шашады. Көгеріп тұрған шөпті Алла емес күн өсірген деп түсінеді. Шөпті таптауды, жұлуды құдайға қарсы әрекет деп білген. Қазақтар күнге табынатын болғандықтан, оларды кәпір деп түсініп, мұсылман дініне қарату мақсатымен оларға

газауат соғысын жариялау дұрыс», – деп жазады осы соғысқа қатынасқан орта азиялық тарихшы Рузбихан өзінің «Бұқар мейрамының жазбалары» атты еңбегінде [20].

Сонымен бірге қазақтар аққу, қарлығаш сияқты құстарды қасиетті санап, оларға тисуге, атуға тыйым салған. Бұдан ата-бабаларымыздың табиғатты құрметтеп, қастерлегенін, аялағанын байқауға болады. Табиғатқа байланысты «бір тал кессең, он тал ек», «су ішетін құдығыңа түкірме», «бұлақ көрсең көзін аш», «көкті жұлма» және т.б. көптеген мақалдар көп. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде суды қорғау парыз деп есептелген. Су – бүкіл тіршіліктің көзі. Ол болмаса астық шығымдылығы, өсімдік әлемі де болмайды. Адамдар су көздерін ғана тірі организмге балап қоймай, сонымен қатар оған әр түрлі жан иелерінің, су перілерінің, су иесі Сүлейменнің өмір сүретіндігіне сенген. Бақсылар жырында:

Су басында Сүлеймен.
Сізден де медет тілеймін.
Су ішінде су пері,
Сұмырайға ұксаған қу пері» деген тіркестер жиі кездеседі [11].

«Судың да сұрауы бар» деп, халық оны тіршіліктің бастауы, тазалықтың рәмізі ретінде санаған. «Бастау су алса, бақыт су алады», «құлазыған шөл – жетім, құс қонбаған көл – жетім, сортаңға құйған сел – жетім», «ағын су – өмір, тоқтау су – өлім» деген нақыл сөздер оған куә. Жылан – қазақ ұғымында зұлымдықтың рәмізі болғанымен, ол киіз үйге кіріп кеткен кезде оған тиіспеген, басына ақ құйып шығаратын болған. Киелі жануарлардың ішінде түйе ең таза мал саналды, оны ұруға, жүнін аяқ асты етуге болмайды [21].

Адамгершіліктің «алтын ережесінің» кейінірек «өзіңе не тілесен, табиғатқа да соны тіле» деген экологияның «алтын ережесіне» айналуынан, біз қазіргі кезде экологиялық мәселелердің өзекті болып отырғандығын көреміз. Халықта «атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» дейді қазақ. Біреуге риза болғанда «көсегең көгерсін» деп айтатын болған. «Жерге шыққан жемістен жетіссең де жеті аса» деген мақал көшпелілердің көкті қастерлегенін білдіреді. Қазақ жалғыз өсіп тұрған ағашты кеспейді, оған зақым келтірмейді.

Ұлан-байтақ жерде мал бағып, ұзақ күндерді кең табиғат құшағында, мал өрісінде, түндерді жұлдызды аспан астында өткізген қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылаудан туған көп жылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілім жасаған. Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын – күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, ай жаңалануының алмасып отыруына мұқият бақылау жасап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тәжірибелік маңызы болған еді. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшкерек екенін, күзеу және қыстауға қай уақытта келу, қой мен қозыны қай уақытта қырку қажет екенін, қай мезгілде мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден бастап салу, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін біліп, оларды өз уақытында жүзеге асырған.

Қазақтар шетсіз, шексіз кең далада мал бағу, көшіп қону, жолаушы жүру, түн қату және аң аулау, төрт құбыланы анық айыру, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап, бағыт – бағдарды белгілеп отырған және өткел, суат, қоныс, құдықтарды дәл табу сияқтыларды ұрпақтарына үйретіп отырған.

Абайдың дүниенің дамуы жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстарын өзара бір – бірімен байлыста, үнемі өзгерісте, дамуда болады, адамды қоршаған ортаның – табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы білуге болады деп қарастырады. Қазақ халқының өз рухани бастаулары мен даналығының қайнар көздері өз тарихында, мәдениетінде, тілі мен ділінде тұнып тұр. Ұлт даналығын ұғынып, сөзін қадірлеп, мақал – мәтеліндегі асыл ойды түсіне білсек, қазіргі қоғамдағы ұлтқа жат көп теріс қылықтардан арылар едік [18, 22].

Тірі табиғатқа, тіпті тірі атаулының барлығына жан ашу, аяу және махаббат идеясы өте ежелгі идея. Осы ежелгі идеялар қазіргі заманға өте қажет, оларды қазіргі заманның идеясы десек болады. Гуманизмнің қайнар көзі де осында, кез-келген тіршілік иесінің өмірдің әрбір көрінісіне деген сүйіспеншілік, әрбір тіршілік иесінің азабын түсіне білу, оған жанашырлықпен қарау – адам

мәнінің, адам жанының негізгі қыры. Сол арқылы адамның табиғатқа деген, қоғамға деген қарым-қатынасы қалыптасады.

Қазіргі кезде де қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі табиғатты қорғауға бағытталған ырымдар, нанымдар, салт-жоралар өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Қалыптасып отыр-

ған күрделі экологиялық мәселені шешу мақсатында қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі табиғатты қорғауға бағытталған ырымдар мен нанымдарды, салт-жораларды бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесіне пайдалану экологиялық мәдениетті қалыптастыру үдерісін барынша тиімді етпек.

Әдебиеттер

- 1 Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. – 1-том. – Астана: Аударма, 2005. – 65 б.
- 2 Ғабитов Т., Сатершинов Б., Бегдаuletova Қ., Көшпелі қазақ қоғамының тарихи санасы және оның дүниетанымдық мәселелері // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. – 6 -том – Астана: Аударма, 2006. – 512 б.
- 3 Ғабитов Т. Қазақ мәдениетінің типологиясы. Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 23 б.
- 4 Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. – М., 2005. – С. 185.
- 5 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 6 Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. – СПб. 1865. – 25-27 бб.
- 7 Жанұзақ Әкім. Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. – Алматы: Ғылым, 2005. – 516 б.
- 8 Моисеев Н. Н. Цивилизация на переломе. Пути России. – М. 1996. – С. 62
- 9 Әл – Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым баспасы, 1975. – 28-29 бб.
- 10 Ғабитов Т., Нысанбаев Ә., Нұрмұратов С., Әлжан Қ. Қазақ философиясы (жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы). – Астана: Аударма, 2008. – 57 б.
- 11 Қазақ бақсы-балгерлері. – Алматы. Ана тілі., 1993. – 224 б.
- 12 Молдабеков Ж. Ж. Тектілі тұрағы – тұлғалыққа тірек // Адам әлемі. – № 2 - 1999. – 87 б.
- 13 Жақсыбеков Ә.С. Экологиялық мәдениет. – Алматы, 2009. – 33 б.
- 14 Афиногенов Д.В. Свобода, наука, природа // Общественные науки и современность. – 2001. – №4. – С. 158
- 15 Ноосфера – Жербесік. Экологиялық альманах. – Алматы: АСН, 1996, №1.
- 16 Кішібеков Д., Кішібеков Т. Қазақ – философ халық // Ақиқат. - 1995. – №3. – 29 б.
- 17 Ғабитов Т. Мәдениеттану. – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.
- 18 Рысбеков Қ.Қ. Қазақ мақал-мәтелдерінің тарихи-философиялық мәні.- Алматы, 2009. – 233 б.
- 19 Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. –Алматы: Санат, 2001. – С. 162.
- 20 Қазақ халқының салт- дәстүрлері. – Алматы, 2009. – 264 б.
- 21 Сыздықова Г.М. Ислам және оның Қазақстандағы даму ерекшеліктері. – Алматы: Жазушы, 1999. – 145 б.

References

- 1 Ezhelgi koshpeliler dunyetanymy. Zhiyrma tomdyk.–1-tom.–Astana: Audarma, 2005. – 65 b.
- 2 Gabitov T., Satershinov B., Begdauletova K. Koshpeli kazak kogamynyn taryhy sanasy zhane onyn dunietyanymdyk maseleleri// Kazak halkynyn filosofiyalyk murasy. Zhiyrma tomdyk.–6-tom.–Astana: Audarma, 2006. – 512 b.
- 3 Gabitov T., Kazak madenyetinyn typologiyasy. Madenyettanu oku kuraly. –Almaty: Kazak universyteti, 1998. – 23b.
- 4 Fromm E. Anatomya chelovecheskoy destruktivnoy. M., 2005. – S. 185.
- 5 Ualyhanov Sh.Sh. Tandamaly shygarmalary.–Almaty: Zhazushy, 1985. 560 b.
- 6 Vamnery A. Puteshestvie po Sredney Azyy. – SPb. 1865. – 25-27b.
- 7 Zhanuzak Akim. Turki orkenyete negizindegi kazak ydeyasy. – Almaty: Gylym, 2005. – 516 b.
- 8 Moyseev N.N. Tsivilizatsia na perelome. Puty Rossyy. – M. 1996. – S. 62.
- 9 Al-Faraby. Aleumettik-etikalyk traktattar. Almaty: Gylym, 1975. – 28-29 bb.
- 10 Gabitov T., Nysanbaev A., Nurmuratov C., Alzhan K. Kazak filosofiyasy (zhogaty oku oryndarynyn studentterine arналган oku kuraly) – Astana: Audarma, 2008. – 57 b.
- 11 Kazak baksy-balgerleri. – Almaty. Ana tili, 1993. – 224 b.
- 12 Moldabekov Zh.Zh. Tektili turagy – tulgalykka tirek// Adam alemi. – № 2 - 1999. – 87b.
- 13 Zhaksybekov A.S. Ekologyalyk madenyet. – Almaty, 2009. – 33 b.
- 14 Afinogenov D.V. Svoboda, nauka, pryroda// Obshestvennyye nauky I sovremennost. – 2001. – №4. – S. 158
- 15 Noosfera – Zherbesik. Ekologyalyk almanah. – Almaty: ASN, 1996, №1.
- 16 Kishibekov D., Kishibekov T. Kazak – filosof halyk // Akykat. - 1995. – №3. – 29 b.
- 17 Gabitov T. Madenyettanu. – Almaty: Rarytet, 2005. – 416 b.
- 18 Rysbekov K.K. Kazak makal-matelderinin taryhy-fylosofyalyk mani. - Almaty, 2009. – 233 b.
- 19 Levshyn A. Opysanye kyrgyz-kazachyh yly kyrgyz-kaysatskyh ord y stepey. –Almaty: Sanat, 2001. – S. 162.
- 20 Kazak halkynyn salt-dasturleri. Almaty, 2009. – 264 b.
- 21 Syzdykova G.M. Islam zhane onyn Kazakstandagy damu erekshelekteri.– Almaty: Zhazushy, 1999. – 145 b.